**Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы бос лауазымдар конкурс жариялау**

Арнайы пәндер оқытушысы: хирургиялық аурулар 3,0 ш.б, балалар аурулары - 3 ш.б, акушерия және гинекология 3,0 ш.б, мейіргер ісінің академиялықк бакалавры – 2 ш.б, фармацевтикалық пәндер пәні оқытушысы – 1,0 ш.б.

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 22, телефон нөмірі: 8-702-452-22-09, э/п: medkollege-shm@mail.ru, индексі-160000

***Құжаттарды қабылдау мерзімі:***

2024 жылғы 17 қаңтарға дейін

***Лауазымдар тізіліміне сәйкес Блок:***

В1-4

***Орташа лауазымдық жалақы:***

77 867 теңге – 93 971 теңге

***Қажетті құжаттар тізімі:***

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке тұру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады.

***Жалпы біліктілік талаптары:***

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейіндер бойынша кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 2 жыл; педагог – сарапшы үшін – кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл; педагог-шебер үшін – 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

білім алушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі тиіс;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру;

цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау;

білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеру;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау;

аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;

аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру;

білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

аудан, қала деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын айқындау;

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтау (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаның болуы, немесе оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі әзірлеушілер мен сарапшылардың құрамына кіретін немесе Уорлд скилс (WorldSkills) республикалық және халықаралық чемпионаттарының сарапшысы (кәсіби шеберлік конкурсы) немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы болып табылады;

ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау;

республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болу немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

***Мынадай құзыреттердің бар болуы:***

стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару.

***Функционалдық міндеттері:***

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытылатын пәнді ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады.

- Жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді.

- Оқытудың неғұрлым тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланады.

- Білім алушылардың сапалы білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді.

- Оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады.

- Білім беру процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

- Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерінің талаптарын орындайды.

- Өз бағыты бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын және білім алушыларды тәрбиелеу мен даярлау сапасын қамтамасыз ететін басқа да оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді, оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес оларды толық көлемде іске асыруға, сондай-ақ бітірушілерді даярлау сапасына жауапты болады.

- Оқу материалын, пәнді тақырыптық және сабақ бойынша жоспарлауды жүзеге асырады.

- Оқу мазмұнындағы өзгерістерге сәйкес оқу-әдістемелік құжаттаманы түзетуді жүзеге асырады.

- Қосымша, жеке сабақтар мен кеңестер өткізеді.

- Студенттердің кәсіби дағдылары мен дағдыларын, өндірістік қатынастар саласында тез бейімделу қабілетін қалыптастырады, оларды алған білімдерін практикалық қызметте қолдануға дайындайды.

- Білім алушыларды олардың кәсіби деңгейін арттыруға ықпал ететін оқудан тыс қызметтің әртүрлі түрлеріне тартады, олардың өз оқу іс-әрекетінің өзіндік талдау және өзін-өзі бағалау біліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

- Пән бойынша оқу-тәрбие процесінде бар проблемалар мен қайшылықтарды оның нәтижелерін талдау негізінде анықтайды. Оларды шешу үшін шаралар қабылдайды.

- Колледждің әдістемелік жұмысына, оқу-тәрбие үрдісін және пәнді оқытуды әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге қатысады.

- Пәндік (циклдік) бірлестіктердің, конференциялардың, семинарлардың жұмысына қатысады;

- Колледждің педагогикалық және әдістемелік кеңестерінің қызметіне, сондай-ақ әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына қатысады.

- Сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауға және жүргізуге қатысады.

- Білім алушылардың жеке қасиеттерін зерделейді, олардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамытуға, жеке және азаматтық қалыптасуына ықпал етеді.

- Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттілігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

- Білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрмет, қоршаған әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелейді.

- Оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнатады және қолдайды.

- Педагогикалық этика ережелерін сақтайды.

- Ішкі тәртіп ережелерін сақтайды: бекітілген кестеге сәйкес сабақты бастайды және аяқтайды.

- Сабақтар болмаған жағдайда оқытушы ұжымдық шартта белгіленген демалыс күндерін қоспағанда, колледжде сағат 09.00-12.00-ден бастап болуға міндетті.

- Білім алушылар жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері немесе оларға белгілі болған, колледжден тыс жерлерде осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы Құқық қорғау органдарына дереу хабарлайды.

- Тиісті журналда міндетті түрде тіркей отырып, білім алушылардың қауіпсіздігі шараларына оқытуды жүргізеді. Сабақ өткізу кезінде білім алушылардың еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының сақталуын бақылайды.

- Білім беру процесін оқыту, тәрбиелеу және дамытудың бірыңғай процесі ретінде қарастыра отырып, тәрбие жұмысын жүргізеді.

- Оқу пәнін қолдайды, сабаққа қатысу режимін бақылайды, осылайша білім алушылардың оқу тәртібі мен колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді.

- Білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын есепке алуды жүзеге асырады.

- Озық педагогикалық тәжірибені зерделейді және өз жұмысында пайдаланады.

- Өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отырады.

- Аттестаттаудан кемінде 5 жыл өтеді .

- Жоспарлы және есептік-есептік докусментацияны жүргізу.

- Колледжде білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныс енгізеді.

-Оқытылатын пәндер бойынша материалдық-техникалық, кітапханалық-ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді бақылау, туындайтын сәйкессіздіктер туралы мәліметтерді жауапты адамдарға уақтылы жеткізеді.

***Әңгімелесуді өткізу орны:***

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жоғары медициналық колледжі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 22, №110 кабинет

***Әңгімелесу күні:***

Ол қатысушының жеке парағында көрсетілген телефон нөміріне хабарланады.